

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Rede Г.К.Сагпазова

Тақырыптық ұйымдастырылған іс- әрекет
Тақырыбы: «Амал келді, жыл келді!»

Өткізген: №1«Күншуақ»
кіші тобының тәрбиешісі
Тажигалиева М.С

Сабақтың тақырыбы: Амал келді,жыл келді!

Мақсаты: Оқушыларға Ұлыстың ұлы күні туралы және дүниежүзілік халықтардың Наурыз мерекесін тойлауы туралы толық мағлұмат беру.

Халқымыздың салт – дәстүрін, әдет – ғұрыпын үйрете отырып, Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету.

Көрнекілігі: Сахананың мерекеге сай безендірілуі, ұлттық ойындар, ұлттық тағам.

Жүргізуші: Уа, халайық, халайық! Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекелеріңіз құтты болсын! Наурыз мейрамына шақырамыз! Келіңіздер, тамашаны көріңіздер!

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,

Босқа қарап тұрмаңыздар,

Наурыз тойы басталды.

Береке де осында.

Мереке де осында.

Ал,ендеше балаларымыздың таппақтарына кезек берейік.

Алижан:

Армысыңдар халайық!

Әркез аман болайық.

Дарын:

Наурыз тойын қуанып,

Жылды қарсы алайық.

Қонаққа әже келеді:Амансыңдарма балаларым, наурыз мерекесі құтты болсын!(Әжені орындарынан тұрып қарсы алады)

Амансызба Әже төрлетіңіз!Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Әже балаларға наурыз көжесін ұсынады.

Тәрбиеші:Әже наурыз көжені қалай дайындайды екен?

Әже:Наурыз көже Наурыз мейрамының негізгі тамағы.Оған жеті түрлі тағам қосылады.Қыстан қалған сүр ет,айран, сүт, тұз, құрт, тары, бидай.саны киелі сан.Ал, наурыз көже тоқшылықтың белгісі.

Балалар:Әже біз наурыз туралы тақпақтар білеміз.

Жанерке:

Арпа, бидай, тары бар,

Қатық, малта тағы бар.

Тәрбиеші:Дастарханымыздан ешқашан ырыс береке кетпесін дей отырып кезекті «Дастархан» әнімізге берейік.

Ойын:Түрлі түсті асықтарды жинайық.

Шарты:Дорбадағы түрлі түсті асықтарды ортаға шашып, 5 баланы ойынға шығарып, түрлі түсті асықтарды түстеріне қарай әр бала әр дорбаға жинайды.Кім тез жинаса сол жеңімпаз атанады.

Әже:Өздерің өнерлі екенсіңдер, рахмет балаларым! Біздің халық салт-дәстүрге бай халық. Сол дәстүріміздің бірі бесікке салу рәсімін көрсетейін. Бұл бесік, көрпесі, жастықшасы, баулары, аяқбауы, жөргегі, түбегі, шүмегі болады. Осыларды дайындап алып бесікті отпен аластаймыз.

Алас алас алас

Бар пәледен алас

Ағынды сумен кетсін

Алас, алас, алас

(Тыштырма рәсімін көрсетеді)

Енді сәбиімізді жатқызамыз.

Сәби тыныш ұйықтасын деп бесік жырын айтады.

Әлди әлди ақ бөпем,

Сендей сәби жоқ көкем.

Анам, әжем дейсің бе,

Тілің сенің тәтті екен

Әлди, әлди, әлди

Тәрбиеші:Әже сізге көп көп рахмет: Біздің балалар сізден көп нәрселер үйренді. Батаменен ел көгегер, жаңбырменен жер көгегер дегендей сізден бата сұраймыз.

Бата:Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

Қайда барсаң жол болсын!

Төрт- түлік ақты болсын!

Бәле- жәле жерге енсін!

Әже: Ал, Қарақтарым мен енді қайтайын басқада ауылдарға баруым керек.Қош сау болыңдар.Келесі наурызға аман есен- жетейік.

Балалар:Сау болыңыз әже!

Тәрбиеші:Балалар қане, Әжемiздiң әкелген наурыз көжесiнен дәм татайық.

Мерекелік ертенгілік

Тақырыбы: «Амал келді-жыл келді!»
№1 кіші топтың тәрбиешісі
М.Тәжіғалиева

